

мәселелерге мемлекет, халық, барлық ұйымдар, бірлестіктер, ұжымдар, саяси партиялар бірігіп іс-әрекет жасаулары өте қажет. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігі күшеймей, басқа жақсылықтарды күту, болады ғой деп сену — жай қиял.

Сонымен, құқықтық сана халықтың, адамдардың саяси және құқықтық жауапкершілігін арттырады, өздерінің заңдарда көрсетілген құқықтары мен міндеттерін адал орындап отыруына, мемлекеттік және еңбек тәртібін қатаң сақтауға зор үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Арыстамбаева С.* Гносеология как парадигма правового общественного сознания // Евразийское сообщество: общество, политика, культура. — 2006. — № 2. — С. 26–46.
2. *Еликбаев Н.* Некоторые аспекты правосознания и правовой культуры в новых условиях // Фемида. — 2004. — № 8,9. — Б. 36–50.
3. *Мартьяшин О.В.* Национальная политическая и правовая культура в контексте глобализации // Государство и право. — 2005. — № 4. — С. 16–67.
4. *Махметова Н.У.* Соотношение права и морали // Қазақстан кәсіпкері — Професионал Қазақстана. — 2008. — № 1. — С. 45–112.

ӘОЖ 343.37:340.131

Н.Н.Ниетуллаев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ЗАҢСЫЗ ТАБЫСТАРЫН ЛЕГАЛИЗАЦИЯЛАУ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ ОРНАТАТЫН ШЕТЕЛ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ

В статье рассматриваются основные характеристики уголовно-правовых норм Великобритании, ФРГ, Швейцарии, Австрии и США в области противодействия «отмыванию» денег или иного имущества, приобретенных незаконным (преступным) путем. Автор на основе действующего законодательства указанных стран анализирует их преимущества и недостатки, а также пути совершенствования отечественного законодательства в этой области.

The article describes the main characteristics of the criminal law of Great Britain, Germany, Switzerland, Austria and the United States in countering money laundering or other property acquired by illegal (criminal) ways. The author on the basis of current legislation of these countries, analyzes their advantages and disadvantages, as well as ways to improve the domestic legislation in this area.

Заңсыз (қылмыстық) табыстарын легализациялау үшін жауаптылық орнататын шет елдердің қылмыстық заңнамасын зерттеп, игеру отандық қылмыстық құқық ғылымы мен тәжірибесі үшін маңыздылығы зор, өйткені бұл бағыттағы қоғамдық қауіпті әрекеттерді шет мемлекеттердің криминализациялау бойынша заңнамалық тәжірибесі еліміздегі құқықтық жүйенің спецификасын ескере отырып, заңнаманы жетілдіру бағыттарын айқындауға көмектеседі. Сондықтан қазіргі таңда Қазақстан Республикасы экономикалық, саяси және мәдени салаларда ынтымақтасуды көздейтін және айтарлықтай экономикалық, құқықтық салада жетістіктерге қол жеткізген шет елдердің заңсыз (қылмыстық) табыстарды легализациялауға қарсы қылмыстық құқықтық күрес негіздерін игеру және бағалау қажеттілігі туындап отыр. Сонымен бірге қарастырылып отырған қылмыс құрамы отандық қылмыстық құқық практикасы үшін айтарлықтай жаңа құбылыс, мұнда шетелдік тәжірибеге назар аудармастан, әрі қарай жетілу қиынға соғатыны анық.

Заңсыз табыстарын легализациялау түсінігі (ағылш. *money laundering*) АҚШ-та өткен ғасырдың 80-жылдарында есірткі бизнесінен түскен табыстарға қатысты қолданыла бастаған және заңсыз алынған қаражаттарға заңды түр-сипат беру процесін аңғартады. Қазіргі кезде осы қылмыстың анықтамасына қатысты ортақ консенсусқа қол жеткізілген жоқ дерлік. Бұл қылмыстың түсінігіне қатысты алғашқы анықтамалардың бірін 1984 жылы ұйымдасқан қылмыстылық бойынша АҚШ

Президенттік комиссиясы берген болатын: «...заңсыз ақшаларды заңдастыру — бұл табыстардың бар екендігін, олардың заңсыз тегі немесе заңсыз пайдаланылуы жасырылатын және артынан осы табыстардың шығу тегін заңды етіп көрсететін процесі».

Мұнда айта кететін жай, заңсыз табыстарын легализациялау іс-әрекетін криминализациялау процесі ең алдымен есірткі заттарының заңсыз айналымынан алынған табыстарға қатысты дамыған болатын. Осы тұрғыда аталмыш қылмыстың алғашқы белгілері Біріккен Ұлттар Ұйымының есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күресу бойынша ұйымдастырылған Вена Конвенциясында (1988 жыл 19 желтоқсан) берілген болатын [1].

Сонымен, 1988 жылғы Вена Конвенциясында ресми түрде есірткі айналымынан алынған заңсыз ақша қаражаттарын легализациялау қылмыс деп жарияланды. Дегенмен, халықаралық қауымдастықтың бұл «жаңа» қылмыс түріне көзқарасы біржақты болғаны тез арада анықталғандығын. Мамандар заңсыз табыстарды легализациялау тек есірткі айналымынан түскен қаражаттарға қатысты бола бермейтіндігін түсініп, араға екі жыл салып, 1990 жылдың 8 қарашасында Еуропа Кеңесі «Қылмыстық әрекеттерден түскен табыстарды заңдастыру, анықтау, алу және тәркілеу туралы» № 141 Конвенциясында тек есірткінің заңсыз айналымынан алынған табыстарды ғана заңдастыруды қылмыс деп қоймай, бұл тектегі қылмыстық әрекеттерге өзге де криминалдық жолмен алынған табыстарды легализациялау жататындығын мәлімдеді. Сонымен қоса осы Конвенцияның 6-бабында заңсыз табыстарын заңдастыруға байланысты болатын құқық бұзушылықтардың тізімі де берілген болатын.

Шетелдік қылмыстық заңдардың аталмыш қылмысқа қатысты өзара өзгешеліктері ең алдымен ондағы легализацияланатын қаражаттардың шығу тегіне қатысты іс-әрекеттердің тізімін анықтауға байланысты. Әрбір елде заңсыз қаражаттардың шығу тектеріне төмендегілердің бірін жатқызады:

- қылмыстар (қолданыстағы қылмыстық заңда қарастырылған қылмыстардың кез келгені бола алады);
- тек қана ұйымдасқан қылмыстылық үшін тән қылмыс түрлері;
- құқықбұзушылықтар;
- есірткілердің заңсыз айналымына қатысты құқықбұзушылықтар мен қылмыстар.

Егер заңсыз табыстарын легализациялауға байланысты қабылданған алғашқы халықаралық акттерге назар аударатын болсақ (аталмыш қылмыстың анықталуының бастамасы халықаралық акттер негізінде жүргізілген), онда берілген анықтамалар көбіне казуистикалық, яғни қылмыстық қудаланатын, іс-әрекеттердің шеңбері нақты анықталу негізінде болғанын байқаймыз. Атап айтсақ, Вена Конвенциясының 3-ші бабы әрбір қатысушы-мемлекеттен есірткінің заңсыз айналымынан алынған ақшаларды заңдастыруды қылмыс ретінде тануын талап ете отырып, бұл іс-әрекеттерге келесі түрде анықтама берген:

...b) (i) конверсия, немесе меншікті ауыстыру, егер мұндай меншік Конвенцияда қарастырылған құқықбұзушылықты немесе құқықбұзушылықтарды жасау нәтижесінде не болмаса мұндай құқықбұзушылыққа немесе құқықбұзушылықтарға қатысу нәтижесінде алынғаны белгілі болса, әрі бұл іс-әрекеттер меншіктің заңсыз көзін жасыру немесе мұндай құқықбұзушылыққа немесе құқықбұзушылықтарға қатысқан кез келген адамға ол өз іс-әрекеттері үшін жауапкершіліктен жалтаруы үшін көмек көрсету мақсаттарында жасалса;

(ii) меншіктің немесе оған құқықтың шынайы шығу тегін, орналасқан жерін, әлде бір қозғалыстарын жасыру немесе бұрмалау, егер мұндай меншік осы Конвенцияда қарастырылған құқықбұзушылықты немесе құқықбұзушылықтарды жасау нәтижесінде не болмаса мұндай құқықбұзушылыққа не құқықбұзушылықтарға қатысу нәтижесінде алынғаны белгілі болса;

с) өзінің конституциялық ережелері мен өзінің негізгі құқықтық жүйесінің негізгі қағидаларын ескере отырып;

(i) меншікті сатып алу, иелену немесе пайдалану, егер оны алу мезетінде осы мүлік Конвенцияда қарастырылған құқықбұзушылықты немесе құқықбұзушылықтарды жасау нәтижесінде не болмаса мұндай құқықбұзушылықты не құқықбұзушылықтарды жасауға қатысу нәтижесінде алынғаны белгілі болса... [2].

Вена Конвенциясындағы, одан кейін де қабылданған халықаралық нормативтік акттерде заңсыз табыстарын легализациялау қылмысына анықтама беруде осы акттердің авторларының қылмыстың объективтік белгілерін неғұрлым нақты анықтауға ұмтылу мақсатының болғанын байқауға болады, яғни аталмыш қылмыстың объективтік жағының белгілері, біздің қылмыстық құқықтық түсінігіміз тұрғысынан алатын болсақ, «кеңістікте» біраз шектелген сияқты болады. Сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропа Кеңесінің қабылдаған Конвенцияларында біз қарастырып отырған

қылмысқа берілген анықтамалар өзара айқын ерекшелене қоймайтындығы байқалады. Сәйкесінше, осы кезеңге дейін бір де бір шет мемлекеттері заңсыз табыстарды легализациялау іс-әрекеттерін (әрине, АҚШ-тан басқалары) криминализацияламағандықтан, олар өздерінің қылмыстық заңдарында жоғарыда аталған халықаралық Конвенциялар негізінде заңсыз табыстарын «заңдастыруды» қылмыс ретінде анықтаған болатын.

Бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдердің арасынан заңсыз табыстарын легализациялауға қарсы күресте (ең алдымен оның заңдық негіздерін анықтауда) ресейлік тәжірибенің маңызы зор деуге болады.

Заңсыз жолмен алынған табыстарын легализациялау (заңдастыру) үшін қылмыстық жауапкершілік ҚР Қылмыстық кодексінің 193-бабында қарастырылған. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында заңсыз табыстарын легализациялау (заңдастыру) қылмысы шетелдік заңнамаларға қарағанда бірқанша жалпылаушы, яғни қылмыс құрамының негізіне қылмыстық іс-әрекеттердің біршама кең шеңберін қамтитын сөздермен анықталған. Мұны әсіресе қылмыстың объективтік жағының белгілерінен байқауға болады.

Страсбург конвенциясын ратификациялаған еуропа елдерінің біріншісі Ұлыбритания болды. Осы конвенция талаптарын орындай отырып, ол заңсыз (қылмыстық) табыстарын легализациялау негізінде жасалатын бірқатар қоғамдық әрекеттерді криминализациялады. Қылмыстық табыстарды легализациялауға қарсы қылмыстық құқықтық күрес негізін 1986 жылы қабылданған есірткі айналымы туралы заң құрайды. Осы мезеттен бастап Ұлыбританияда есірткі заттары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымынан алынған табыстарды легализациялауға қатысы бар адамдарды қылмыстық-құқықтық қудалауға заңды негіз пайда болады. 1993 жылы аталған заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, қылмыстық табыстарды легализациялау үшін жауаптылық орнататын норманың әрекет ету аясы айтарлықтай кеңейген болатын.

Шетелдік заңнама, әсіресе жалпы құқық жүйесіндегі елдердің заңнамасы өзінің шектен тыс казуистикалық үлгісімен ерекшеленеді. Жалпы белгілерін ажырату арқылы әрекетті саралауға талпынатын отандық заң шығарушы үшін ол тылсым жағдай болғанымен, мұндай анықтамалар заң қолданушының саралау бойынша әрекеттерін қадағалауға үлкен мүмкіндіктер береді. Атап айтсақ, Ұлыбританияның қылмыстық табыстарды «тазалауға» байланысты қылмыстарға жауаптылық орнататын нормалары бұл әрекеттерді бірнеше топтарға ажыратады. Қылмыстық табыстарды «тазалауға» байланысты қылмыстардың бірінші тобын басқа адамдарға қылмыстық жолмен алынған табыстарын иеленуде көмек көрсететін әрекеттер құрайды. Мысалы, 1993 жылы заңды күшіне енген қылмыстық әділет туралы заңның 93 (А) бабында кінәлі мұндай адамның қылмыстық істерге қатыстылығын немесе бұрын ондай әрекеттерге қатысқанын не болмаса басқа да жолмен қылмыстық табыстар алғанын біле немесе сезе тұра басқа адамның қылмыстық жолмен алған табыстарына бақылау жүргізуіне жағдай жасау (оның ішінде мұндай табыстарды жасыру, оларды мемлекет юрисдикциясынан тыс жерге ауыстыру немесе басқа адамдарға беру), сонымен қатар осы қаражаттарды аталған адамның міндеттемелерін қамтамасыз етуде пайдалану, сол сияқты капитал салымдарын жүргізу арқылы оның пайдасына материалдық құндылықтарды сатып алу үшін жауаптылық орнатылған.

Бұл қылмыс субъектісі өзінің қызмет бабы немесе кәсіби міндеттеріне бола басқа адамдардың мүлкін басқаруды жүзеге асыратын адамдар болады (несие мекемелерінің, брокерлік конторалардың, инвестициялық қорлардың және қаржы нарығының басқа да құрылымдарының қызметкерлері).

Заңсыз табыстарды легализациялауға қарсы күрес негізін құрайтын кешенді заңнамасының болуы Ұлыбританияда қаржы-несие жүйесінің мекемелеріне шығу тегі күдік туғызатын мүліктер мен ақша қаражаттарына қатысты жүзеге асырылатын клиенттік операциялар туралы құзырлы мемлекеттік органдарға дер кезінде хабарлау міндеттемесін жүктейді. Ұлыбританиядағы қылмыстық жолмен алынған мүлікке иемдену және оған билік жүргізу айғақтарын анықтауға қаржы-несие жүйесінің мекемелерін қатысуға міндеттейтін қылмыстық табыстарды заңдастыруға қарсы күрес мәселелері бойынша негізгі нормативтік-құқықтық акт 1993 жылы қабылданған «Ақшаларды «тазалауға» қарсы күрес туралы ереже» болып табылады [3, 699].

Осы секілді заң Еуропа Одағының барша дерлік елдерінде, сол сияқты экономикалық жағынан айтарлықтай дамыған елдерде де әрекет етеді, мұнда ол қылмыстылыққа қарсы күрес жүргізетін мемлекеттік органдардың заңды иелерінің мүдделеріне бола тәркіленуге немесе өндірілуіне жататын қылмыстық жолмен алынған материалдық құндылықтарды иелену айғақтарын анықтаудағы басты құрал және қылмыстық табыстарды легализациялауға қарсы күрестегі негізгі заңнамалық акт болып табылады.

Британдық қылмыстық заңнама бойынша қылмыстық табыстарды «тазалау» негізінде жасалатын қылмыстардың екінші тобын қылмыстық әрекеттерден түскен табыстарды құрайтын мүліктерді иемдену, иелену немесе пайдалану секілді қоғамдық қауіпті әрекеттер құрайды. Осы әрекеттер үшін жауаптылыққа тарту шарттары аталған заңның 93-бабында көзделген: кінәлі иемденіп жатқан, иелегінде болған немесе пайдаланып жүрген мүліктің басқа адамның қылмыстық әрекетінің тура немесе жанама, толық немесе ішінара табысы болып табылатынын білуге тиіс.

Мұнда атап өтетін тағы да бір маңызды жағдай — аталған нормада әрекеттің қылмыстылығын жоққа шығаратын мән-жай көзделген (әрине, оның британдық ұғымында): басқа адамның қылмыстық әрекеттерінің табысы болып табылатын мүлікті қайтымды сатып алу, иемдену немесе пайдалану. Мұндағы орнын өтеуге берілетін ақы мүліктің шынайы құнына немесе оны уақытша пайдалануға алған жағдайда көрсетілетін қызметтің құнына пара-пар болуы керек.

Британдық заңнаманың аталған қылмыстық құқықтық нормаларының басты міндеті басқа адамдардың қылмыстық істерінің табыстарын үшінші тараптың пайдалануына жол бермеу болып табылады. Қылмыстық істердің табыстарын мұндай ретте пайдалануға жол бермеу қажеттілігін британдық заңнамашы осы жағдай қылмыстық табыстарды өндіріп алуды немесе тәркілеуді елеулі қиындататындығымен түсіндіреді, себебі қазіргі кездегі құқық қорғау практикасында қылмыстық істерінің арқасында едәуір табыстарға иеленетін қылмыстық қауымдастықтардың белсенді қатысушылары мұндай жолмен алынған мүліктердің шынайы иесі бола тұра, оны иелену құқығын өз туыстары мен жақындарына, сол сияқты қылмыстық әрекеттеріне тура қатысы жоқ үшінші бір тарапқа беретін жағдайлар аз емес.

Мұндай әрекеттерде айрықша субъективтік белгі ретінде кінәлі адамның иемденген, иеленуінде болған немесе пайдаланып жүрген мүлігінің толық немесе ішінара, тура немесе жанама қылмыстық әрекет табысы болып табылатындығы туралы хабардар болуы орын алады. Егер ол аталған мән-жайлар туралы күдіктенетін болса, онда қылмыстық жауаптылық орын алмайды.

Британдық қылмыстық заңнама бойынша қылмыстық табыстарды «тазалау» негізінде жасалатын қылмыстардың үшінші тобын қылмыстық әрекеттердің табыстары болып табылатын мүлікті жасырудан, бұрмалаудан (маскировка), өңдеуден, айырбастаудан немесе орнын ауыстырудан тұратын әрекеттер құрайды. Бұл қылмыстардағы белгілер жүйесінің ерекшелігі — олардың субъектісі ретінде негізгі (предикатты) қылмыстық жасаған адам танылады. Бұл әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық «Есірткі айналымы туралы» заңның (1994) 49-бабында және «Қылмыстық әділет туралы» заңның (1988) 93 (С)-бабында көзделген.

«Қылмыстық әділет туралы» заңның (1988) 93 (С)-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылық толық немесе ішінара, тура немесе жанама қылмыстық әрекеттерге қатысы бар кез келген мүлікті жасыру немесе бұрмалау үшін, сонымен бірге істеген қылмысы үшін жауаптылықтан жалтару мақсатында не болмаса осы мүлікті тәркілеу туралы қаулының шығарылуына негіз болатын жағдайларды жою мақсатында, сол сияқты осы қаулының орындалуын қиындату мақсатында мүлікті өзгерту немесе айырбастау, мемлекет юрисдикциясынан тыс жерге ауыстыру үшін бекітілген. Осы баптың екінші бөлімінде кінәлі мүліктің қылмыстық әрекет табысы екендігі жайлы біле тұра немесе жеткілікті күдіктері бола тұра иемденуі үшін қатаңдатылған жауаптылық орнатылған, ал үшінші бөлімінде қылмыстық әрекет табысы болып табылатын мүлікті жасыру немесе бұрмалау түсінігі берілген: мүліктің шығу тегін, көзін, орналасқан жерін немесе оған билік ететін тұлғаны, оның құқықтарын не болмаса оны өзгерту жағдайларын жасыру.

Аталған баптар бойынша негізгі қылмыс ретінде соттың айыптау актісі бойынша қудаланатын санаттарға жататын кез келген қоғамдық қауіпті әрекеттер бола алады, олар, әдетте, ауыр санаттағы қылмыстар саналады. Сонымен бірге негізгі қылмыстық әрекеттер ретінде қоғамдық қауіптілігі айтарлықтай төмен болатын жинақтала қудаланатын қылмыстар да бола алады.

Бұл топтағы қылмыстар ұйымдасқан қылмыстылық саласындағы әрекеттерді қамтиды. Қылмыстық әділет туралы заңнамада мұндай әрекеттер ретінде әдетте интимдік қызмет көрсетумен айналысатын мекемелер ұстауға, сонымен қатар бейне өнім нарқындағы адал емес әрекеттерге байланысты әрекеттер (таратылатын бейне өнімге құқықтардың заңды иелерінің мүдделеріне қайшы оларды тарату, тарату мақсатында сақтау, не болмаса жұртшылыққа көрсету) танылады [3, 645].

Негізгі қылмыстар қатарында Англия немесе Уэльс, қылмыстық қудалану жеріне қарай Шотландияда да жасалғанында қылмыс деп танылатын әрекеттер жатқызылады.

Демек, Ұлыбритания аумағында қылмыс деп танылмайтын әрекеттер қарастырылған қылмыс әрекеттерге қатысты негізгі деп танылмауы мүмкін, осыған бола бұл әрекеттердің өзі де, егер оны

заты Ұлыбританияда қылмыс деп танылмайтын әрекет нәтижесінде алынған болса, қылмыстық заңға қайшы деп таныла алмайды.

Қылмыстық табыстарды легализациялауға байланысты қылмыстар үшін жауаптылық орнататын британдық заңнамаға шолуды қорытындылай келе, оның ауқымдылығын атауға болады, өйткені ол қылмыстық әрекеттер табыстарын иемдену немесе оларға билік жүргізу барысында орын алуы мүмкін қоғамдық қауіпті әрекеттердің басым көпшілігін қамти алады дерлік.

Германия Федеративтік Республикасы экономикалық қылмыстылықтың барша элементтеріне ықпал етудің құқықтық механизмдері неғұрлым жақсы дамыған мемлекеттер қатарына жатады. Қылмыстық табыстарды заңдастыруға қарсы күрес саласындағы ГФР құқығы әлемдік деңгейдегі сәйкес нормалардың да, сол сияқты Еуропа қауымдастығы әзірлеген жолдардың да ықпалында қалыптасқан. Германия 1988 жылғы «Есірткі заттар мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы» Вена Конвенциясына қол қойған соң, 1990 жылы аталған Конвенцияның ережелерін орындау туралы арнайы заң қабылдаған болатын. Сонымен бірге бұл мемлекет 1991 жылғы Еуропа Кеңесінің Директивасын дайындауға және Ақшаны заңдастыруға қарсы күрес бойынша халықаралық комиссияның (ФАТФ) қылмыстық табыстарды легализациялауға қарсы күрес концепциясын дайындауға белсене қатысқан. Аталған құжаттарда бекітілген қағидаттар неміс антилегализациялық заңнамасының мазмұнын анықтаған.

Сонымен бірге герман құқығында оны аталмыш саладағы заңнамалық мәселелері халықаралық құқықтық акттерге қарағанда неғұрлым қатаң шешілген ұлттық заңнамасы бар елдер қатарына жатқызатындай бірқатар ерекшеліктері де бар.

Германиядағы заңсыз табыстарды легализациялауға байланысты әрекеттер үшін жауаптылық орнататын нормалар елдің кодификацияланған қылмыстық заңына 1992 жылы «Есірткінің заңсыз саудасына және ұйымдасқан қылмыстық әрекеттердің басқа да нысандарына қарсы күрес туралы» заңның қабылдануына байланысты енгізілген болатын. Сол сияқты 1993 ж. 25 қазанында Германия бундестагы «Ауыр қылмыстық әрекеттердің алынған табыстарды анықтау туралы» заң қабылдады, оның мақсаты, бір жағынан, 1991 ж. 10 маусымындағы Еуропа Кеңесі Директивасын жүзеге асыру болса, тағы бір мақсаты қылмыстық табыстарды заңдастыруға байланысты қылмыстық әрекеттер айғақтарын анықтаудың бірқатар процессуалдық мәселелерін айқындау болды.

Қарастырылып отырған қылмыстар үшін жауаптылық Германия Қылмыстық кодексінің 261-бабында көзделген («Ақшаны заңдастыру»). Бұл бап ережелері материалдық-құқықтық тұрғысынан БҰҰ Вена Конвенциясы мен Еуропа Кеңесі Конвенциясындағы қылмыстық табыстарды заңдастыру анықтамасын толық дерлік қайталайды. Алайда қылмыс құрамының объективтік белгілерін (легализациялау әрекеттерін) сипаттағанда герман заңнамашысы БҰҰ Конвенциясының ережелерін пайдаланған болса, кінә нысанын анықтауға қатысты мәселеде Еуропа Конвенциясында ұсынылған жолды ұстанады.

ГФР Қылмыстық кодексінің аталған нормасының 5-ші бөлімінде оның 1-ші және 2-ші бөлімдеріндегі қылмыс құрамының субъективтік жағын менмендікпен жасалатындығы пайымдалады. Нақты осы қылмыс құрамының субъективтік жағының белгісі ретінде кінәнің абайсыздық нысаны туралы норма экономикалық қызмет саласындағы «мүліктік деликттер» деп аталатын әрекеттерге қатысты абайсыздықты криминализациялауда жол бермеуге тырысуды ұстанатын кінәнің германдық теориясының дәстүрлі ережелеріне қайшы келеді. Мұның бәрі кәсіпкерлік қызмет бостандығына нұқсан келтірмеу үшін пайымдалған. Сонымен бірге қылмыстық табыстарды абайсызда «заңдастыру» үшін жауаптылықтың орнатылуы әлемдік заңнамалық тәжірибеде орын алған сирек құбылыстардың бірі екендігін атап өту керек.

ГФР Қылмыстық кодексінің 261-бабының 1-ші бөлімінде артынан легализациялануға жататын табыстардың алынуының көзі болған қылмыстық жазаланатын әрекеттердің тізімі берілген. Есірткі заттарының заңсыз айналымы саласындағы әр алуан қылмыстық құқықбұзушылықтармен қатар мұнда герман құқығында қылмыс деп аталатын әрекеттердің барлығы орын алған. Жалпы алғанда есірткі саудасынан, әр алуан алаяқтықтан, сыбайлас жемқорлықтан, бөтеннің мүлкін иемденіп алу мен ысырап етуден, қорқытып алудан және басқа да ауыр қылмыстардан алынған табыстарды легализациялау қылмыстық жазаланатын іс екендігінде күмән жоқ. Қылмыстық табыстарды заңдастырудың қылмыстық жазаланушылығын осылайша кең талқылау батыс елдерінде кездесетін сирек жағдай.

Шетелдік қылмыстық капиталдардың легализациялануына қарсы күрес тиімділігін арттыру мақсатында ГФР Қылмыстық кодексінің 261-бабының 8-бөлімінде ГФР аумағынан тыс орын алған

криминалдық әрекеттерден алынған табыстарды заңдастыру, егер осы табыстар алынған ел заңнамасы да оны қылмысты деп танитын болса, криминализацияланады.

Қылмыстық табыстарды легализациялауға қарсы күрес саласындағы қазіргі заманғы герман заңнамасын талдай келе, оның жүйелілігін, ішкі өзара байланыстылығын және логикалы ұйқастығын атауға болады.

Швейцарияға саяси тұрақтылық және бүкіл әлемге танымал банктерінің көрсететін қаржылық қызметтерінің спектрі, сол сияқты олардың сенімділігі және клиенттерімен қарым-қатынастарындағы ішкі мемлекеттік заңнамада кепілдендірілген конфиденциалдылық тән. Мұның бәрі елдің экономикалық әл-ауқаттылығының артуына себепкер болғанымен, ел аумағында шет мемлекеттерден аударылған криминалдық капиталдың ағымының етек алуына барынша қолайлы жағдайлар жасады. Сондықтан Швейцария мемлекетінен қылмыстық табыстарды легализациялауға қарсы күрес туралы кешенді заңнама қабылдап, оның маңызды құраушысы ретінде сәйкес әрекеттерге қылмыстық-құқықтық тыйым салуды талап етті.

1990 жылы Швейцария өз қылмыстық заңнамасына қаржылық құқық бұзушылықтар бойынша елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізген болатын. Атап айтсақ, Швейцария Қылмыстық кодексінің 17 тарауына 1990 ж. 1 шілдесінде заңды күшіне енген 305-бис бабы енгізілді. Онда шығу тегі қылмыстық болған мүліктік құндылықтарды заңдастыру криминализацияланған.

305-бис бабында Швейцарияға легализацияланатын табыстың әкелінуіне себепші болған негізгі (предикаттық) қылмыс ретінде шетелде жасалған қылмыс (тек есірткі заттарының заңсыз айналымы ғана емес), егер ол жасалу елінде де қылмыс деп танылатын болса, танылады делінген.

Мұнда кінәнің швейцариялық теориясының қарастырылып отырған қылмыс құрамының субъективтік жағына қатысты концепциясына назар аудару қажет. Атап айтсақ, 305-бис бабы бойынша қылмыс құрамының субъективтік жағы қасақаналықпен сипатталады. Оның тура не жанама болатындығы заң бойынша маңызды емес. Бастапқысында Швейцария қылмыстық құқығында легализациялауда жанама қасақаналылықтың танылуы (қылмыстың жасалуына саналы түрде жол беру) заңнамашының кінәнің абайсыздықтағы нысанын осы қылмысқа қатысты криминализациялаудан бастартуынан туындаған болатын. Осылайша олар әлемдік қауымдастықпен әлдебір компромиске келген секілді болды. Дегенмен, артынша, швейцариялықтар да АҚШ қыспағымен қылмыстық капиталдардың легализациялануына абайсыздықта жол беруді де криминализациялады.

Нәтижесінде 1992 ж. Швейцария қылмыстық заңына 305-тер бабы енгізілді, ол өз қызмет бабын атқару барысында қылмыстық табыстардың легализациялануына абайсызда жол берген әрекеттерді қылмыс қатарына жатқызды.

Аталған абайсыздағы қылмыс субъектісі ретінде банк және басқа да қаржы институттарының қызметкерлерімен қатар сенімді уәкілдер, капитал салымдары бойынша кеңесшілер, қаржылық басқарушылар, валюта айырбастаумен, бағалы металдарды сатумен айналысатын адамдар, адвокаттар танылады.

Бұл нормада кәсіби мәмлелердің заты болатын мүліктік құндылықтардың алдын ала қылмыстық шығу тегі жайлы айтылмайтынын ескеру керек, мұнда клиенттерді идентификациялау міндеттерін тиісінше орындамау, оған жол беру туралы айтылады, мұндай абайсыздық нақты қылмыстың жасалуына жол беретіндігі немесе бермейтіндігі маңызды емес.

Алайда Қылмыстық кодекстің 305-тер бабында клиентті идентификацияламау үшін ғана жауаптылық орнатылған, егер клиент жеткілікті түрде идентификацияланған болса, ал уәкілетті тұлғалардың артынша орын алған абайсыздықтағы әрекеттері криминалды мүліктік құндылықтардың легализациялануына әкеп соғатын болса, онда бұл тұлғалар қылмыстық табыстарды абайсызда легализациялау үшін қылмыстық жауапқа тартылмайды. Осынысы арқылы швейцариялық қылмыстық заңнама қарастырылып отырған қылмыс құрамының субъективтік кінәсіне қатысты бөлігінде герман заңнамасынан ерекшеленеді.

Аталған заңнамалық нұсқамалармен қоса Швейцарияда ішкі қаржылық бақылау саласындағы іс-шараларды унификациялауға байланысты көптеген банкаралық келісімдер әрекет етеді. Мысалы, 1991 ж. 18 желтоқсанында Швейцария конфедеративтік банктік комиссиясы Ақшаның заңдастырылуына қарсы күрес туралы Директива қабылдады. Бұл құжат шетелдердегі швейцариялық банктердің филиалдары мен компаниялардың еншілерін қоса ел аумағындағы барлық банктердің орындауына міндетті болып табылады. Бұл Директиваның нұсқаулары Ақшаны заңдастыруға қарсы күрес бойынша халықаралық комиссияның (ФАТФ) ұсыныстарына негізделі отырып, қабылданған. Мұнда банктердегі номерлік және анонимдік есеп-шоттардың иелерін анықтау бойынша, мәмлелерді

есепке алу және банктік мәліметтерді жүйелендіру туралы, сонымен қатар несие-қаржы мекемелерінің қызметкерлерінің Швейцария және шетелдердің мемлекеттік құқық қорғау органдарына қажет ақпаратты беруі жайлы айтылған.

Австрияның банктік заңнамасы бірқанша ерекшеліктерімен көзге түседі. Ең алдымен Австрия — абсолюттік банктік құпияны әлі күнге дейін алмаған бүгінгі таңдағы Еуропа қауымдастығындағы бірден-бір ел. Бұл қағида 1988 ж. бастап конституциялық үлгіде бекітілген. Банктік құпияның бұзылуы қылмыс саналады. Тек қылмыстық сипаттағы қаржылық құқықбұзушылықтардың тергелуіне байланысты сот қаулысы шығарылғанда ғана құқық қорғау органдарына есеп-шоттар, клиенттер мен операциялар туралы мәліметтерді хабарлауға болады. Бүкіл басқа жағдайларда (салық органдарының, банктік бақылау органдарының, ревизияның және т.с.с. тергеулері) австриялық банктер фискалдық мекемелерге өздерінің клиенттерімен қатынастары туралы ақпараттарды таратуға міндетті емес.

Екіншіден, Австрияда XIX ғасырдан бері анонимдік және номерлік банктік есеп-шот жүйесі әрекет етіп келеді. Мұндай есеп-шот ашылып, ол бойынша операциялар жүргізілгенде банк клиентін ешқандай формада идентификацияламайды. Банктік мекемедегі арнайы номерлік есеп-шот арқылы анонимді түрде бағалы қағаздармен сауда жасауға болады, акция пакетін анонимді басқару үшін кодталған қаржылы депозит ашуға болады. Австрия парламенті мен қоғамында көптеген жылдар бойында орын алып келетін шиеленіскен дауларға және банктік қызметтің аталған қағидаттарына шектеулер қоюға сансыз талпыныстардың орын алғанына қарамастан, бұл салада әлі күнге дейін айтарлықтай өзгерістер болған емес.

Әйтсе де Австрия 1989 ж. БҰҰ Вена Конвенциясына (1988) қосылды, 1991 ж. Еуропа Конвенциясына (1990) қол қойды, Ақшаны заңдастыруға қарсы күрес бойынша халықаралық комиссияның (ФАТФ) ұсыныстарын дайындауға белсене қатысады [4].

1993 ж. Австрия Қылмыстық кодексіне §§ 165 және 165а параграфтары енгізіліп, қылмыстық жолмен алынған мүліктік құндылықтарды легализациялау үшін қылмыстық жауаптылық орнатылды.

§ 165 параграфта көзделген қылмыс құрамының анықтамасы ГФР Қылмыстық кодексінің 261-бабы 1- және 2-бөлімдеріндегі белгілерге толық дерлік ұқсас келеді. Мұнда қарастырылып отырған қылмыс түрлеріне қарсы күрес саласындағы бүкіл белгілі халықаралық конвенциялардың ұсыныстары ескеріліп, австриялық қылмыстық-құқықтық нормада орын алған. Осы параграфтың төртінші бөлімінде легализацияланатын мүліктің алынуының көзі болған «қылмыс» түсінігіне басқа көптеген елдердің қылмыстық заңнамаларына қарағанда неғұрлым толық сипаттама берілген: «Егер мүлікті қылмыскер осы әрекетті жасау нәтижесінде немесе оны жасау барысында алған болса, сол сияқты бастапқыда қылмыстық әрекеттерден алынған барша мүліктік құндылықтардың құны мүлік затында заттандырылған болса, мүлік заты қылмыстық әрекеттен алынған деп саналады». Демек, криминалды мүліктің материалдық өңделуі мен құқықтық титулының өзгеру санына қарамастан, оның заңдық шығу тегі, шығу тегінің қылмыстылығы өзгермейді [5].

Қасақаналық (тура немесе эвентуалдық) қылмыс құрамының субъективтік жағы бойынша әрекеттің қылмыстылығының бірден-бір алғы шарты болып табылады.

Егер герман және швейцариялық қылмыстық заңнамада аталған қылмыс түрі сот төрелігіне қарсы қылмыстар қатарында қарастырылған болса, австриялық қылмыстық заңда бұл әрекет «жасырушы» қылмыс құрамдарының қатарында қарастырылады.

1993 жылы банктік операцияларды есепке алу бойынша негізгі талаптарды орнатқан, банктердің идентификациялау міндеттемелерін жүйеге келтірілген тізімін бекіткен, сол сияқты қаржы институттары мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің өзара ынтымақтастық қағидаттарын анықтаған «Қаржы нарығы туралы» заң қабылданған болатын.

Австриялық антилегализациялық заңнаманы қарастырғанда бұл саладағы халықаралық міндеттемелердің орындалуы мен ішкі құқықтық реттеудің тиімді механизмдерін құрудағы аталған қиыншылықтар күрделі экономикалық себептерге ие екендігін ескеру керек. Ел халқының әл-ауқатының өсуі, экономика мен тұтыну нарқының жоғары деңгейде дамуы Батыстан да, Шығыстан да келген ірі ақшалай капитал салымдарының арқасында болып отыр. Австриялық банктік құпияның және қаржы операцияларының құпиялылығының (конфиденциалдылығы) бұлжымас қағидаттары елге инвестициялардың келуінің басты шарттарының бірі болып табылады. Сондықтан Австрия экономикасының банктік, қаржы секторындағы құқықтық өзгерістер үрдісі Еуропаның басқа елдеріне қарағанда анағұрлым баяу жүріп келеді.

Америка Құрама Штаттары криминалды қаражаттардың заңдастырылуына қарсы күрестің көпжылдық тәжірибесінің жинақталуының негізінде қарастырылып отырған проблематика бойынша

неғұрлым мазмұндалған және барынша кеңінен жүйелендірілген заңнама қалыптасқан мемлекет болып табылады. Мұндағы заңнамалық жүйе федералды деңгейде де, штаттық деңгейде де әрдайым жаңа нормативтік акттермен толықтырылып келеді.

АҚШ-тағы антилегалзациялық заңнамалық іс-шаралардың бастапқысы 1970 жылы «Банктік құпия туралы» Заңның қабылдануынан бастау алады. Бұл Заң талаптарына сәйкес қаржы мекемелері (оларға банктер, маклерлер, бағалы қағаз сатушылар, чекті кассирлер, телеграфтық компаниялар, жалпы жылдық табысы бір миллион доллардан асатын казинолар, пошталық қызмет және кейбір басқа да ұйымдар жатқызылды) қылмыстық, салықтық тергеулерде, сот үрдісінде жиі қолданылатын есеп құжаттарын (есеп-шоттар, қол үлгілерін, бухгалтерлік есеп карточкаларын және т.с.с.) кемінде бес жыл бойында сақтауға міндеттеме алды.

Қылмыстық табыстардың заңдастырылуына қарсы күрес жүргізетін бірқатар нормалар «Есірткіні теріс пайдаланудың алдын алу және бақылау туралы» жалпы заңда (1970) және «Қорқытып алушы және сыбайлас жемқор ұйымдар туралы» заңда (1970) орын алған. Аталған заңдардың соңғысы АҚШ-тағы ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы күрестің негізгі қағидаларын анықтаған деп саналады.

RICO актісінің негізгі мақсаттарының бірі болып қылмысты жолмен алынған мүліктік құндылықтардың легальді экономикаға қандай болмасын нысанда енуінің алдын алу табылады. Осы Акт негізінде федералдық заңнамада қылмыс деп саналатын және кейбір жеке штаттардың ғана заңнамасына сәйкес қылмыс деп саналатын әрекеттердің бірсыпырасынан алынған табыстардың легальды айналымға инфильтрациялануына тыйым салынды.

Шығу тегі заңсыз болған ақша қаражаттарының легализациялануына қарсы күрес туралы көптеген белсенді іс-шаралар федералдық деңгейде, көріп отырғанымыздай, 1970 жылдан бастап қабылданғанымен, қылмыстық табыстарды заңдастыру бойынша қоғамдық қауіпті әрекеттің өзі нақты қылмыс ретінде 1986 жылы «Ақшаның заңдастырылуын бақылау туралы актінің» қабылдануына байланысты анықталған болатын. Ол сол жылы қабылданған «Есірткі саласындағы теріс пайдалану туралы» заңда орын алды. 1988 жылы бұл заң, сондай-ақ қылмыс құрамының анықтамасы (криминалды ақшаның легализациялануы) «Есірткі саласындағы теріс пайдалану туралы» екінші заңмен толықтырылды.

Аталған заңнамалық акттерге сәйкес қылмыстық заңдастыру ретінде екі қылмыстық әрекеттер танылады: несие-ақша құжаттарын легализациялау және нақты анықталған заңсыз қызметтен алынған меншікке қатысты ақшалай операциялар жасау.

Бірінші нормада қаржы операцияларын рәсімдеу арқылы не болмаса несие-ақша құжаттарын тасымалдау, жіберу немесе аудару арқылы ақшаны заңдастыру үшін жауаптылық орнатылады. Қаржылық операциялар жасаудағы жауаптылық орын алу үшін тұлға ондағы мүліктің заңсыз жолмен алынғаны туралы хабардар болуы керек, бірақ оған қарамастан, ол осы құқық бұзушылықтың әрі қарай жалғасуын көздей отырып, операцияны жасайды, не болмаса операция табыстың алыну сипатын, орналасқан жерін, алыну көзін жасыру немесе табыс туралы есеп беру талабын орындамау мақсатында жасалғалы отырғанын біле тұра, оны жасайды. Несие-ақша құжаттарын тасымалдау, жіберу немесе аудару арқылы ақшаны заңдастыру үшін жауаптылық та осы тектес жағдайларда орын алады.

Екінші құқықбұзушылық субъектісі ретінде жалпы құны 10000 доллардан асатын сомадағы нақты анықталған заңсыз қызметтен алынған меншікке қатысты қаржы мекемесімен әдейі біле тұра ақша операциясын жасайтын тұлға танылады.

Американдық заңнама бойынша заңсыз қызмет деп есірткінің заңсыз айналымына, жалған ақша жасауға, контрабандаға, банктік және биржалық алаяқтық операцияларға, тонауға, ұрлауға, шпионажға, сыбайлас жемқорлыққа, қорқытып алушылыққа және т.с.с. байланысты қылмыстар танылады.

Мұнда назар аударатын жағдай, егер негізгі алғы шарттар орын алатын болса, яғни табыстың алынуының қылмыстылығы және қасақаналық кінәнің анықталуы орын алса, идентификациялау және декларациялау міндетінен жалтарудың өзі де қылмыстық жауаптылықты пайда етеді. Сондай-ақ криминалды ақшаның ірі сомасын бір қаржы мекемесінің ішінде біршама кішігірім бөліктерге бір-ақ рет бөлудің өзі легализаторлар ниетінің дәлелдену-дәлелденбеуіне және нақты қылмыстық мақсатқа қол жеткізудің орын алғанына қарамастан, қылмыс құрамының орын алуына негіз болады.

АҚШ Қаржы министрлігінің нұсқамасы бойынша егер клиент шығу тегін куәландыратын жеткілікті құжаттар көрсете алмаса, онда қаржы және банк мекемелері 3000 доллардан асатын ешбір

мәмле жасамауға құқылы. Сонымен бірге қаржы институттары өз клиенттерінің жасап жатқан күдікті операциялары туралы құзырлы органдарға дер кезінде хабарлауға тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Никулина В.А. Отмывание «грязных» денег: уголовно-правовая характеристика и проблемы соучастия. — М.: Инфо, 2001. — С. 3.
2. Панов В.П. Международное уголовное право. — М.: Наука, 1997. — С. 258.
3. Mitchell, Taylor on confiscation and the proceeds of crime. — London, 1997.
4. Criminal Justice Act 1993 // The Public General Acts and General Synod Measures 1993. — Part II. — London: Her Majesty's Stationary Office, 1994. — P. 99.
5. Радзевановская Ю.В. Легализация (отмывание) денежных средств или иного имущества, приобретенных преступным путем (уголовно-правовая и криминологическая характеристика): Дис. ... канд. юрид. наук. — Уфа, 2005. — С. 88–90.

ӘОЖ 342.53(574)

Б.А.Ғабдулина

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

В статье рассматривается Конституционная история как неотъемлемая часть истории Отечества. Во внесенных изменениях и дополнениях в Конституцию Республики Казахстан автор прослеживает эволюцию развития государственной системы власти.

The history of the Constitution is an essential part of the history of Motherland. The evolution of development of state power system is deduced in the introduced changes and addenda to the Constitution of the Republic of Kazakhstan.

Қазақстан Парламенті Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер енгізу туралы» Заңды 2007 жылғы мамырдың 17-сінде қабылдады. Конституциялық реформа авторы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі болды. Ол мемлекеттік комиссияны және кейін Жұмыс тобын тікелей басқарды. Бұл шешімді ол еліміздің болашағы үшін және демократиялық ел ретінде гүлденіп даму үшін қабылдады. Бұл — еліміз экономикасының тендессіз өркендеуі, неғұрлым өзекті әлеуметтік проблемаларды шешу дәуірі [1].

Бұл құжат саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын іске асырудың, еліміздің құқықтық кеңістігінде терең өзгерістер жасаудың заңды нәтижесі болып табылады. Еліміздегі экономикалық табыстар, қазақстандық әрбір отбасының әл-ауқатының артуы, өмір сүру стандарттарының өсуі Қазақстанның демократиялық дамуының жаңа кезеңіне берік тұғыр жасап берді. Біздің елімізде саяси жаңару үдерісі бірте-бірте, қажетті экономикалық жағдайлар жасалуына орай, Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап бүкіл ретте біз өзіміздің дербес, қазақстандық даму жолымен жүріп келеміз, бір кездері тандап алған сол жолмен содан бері келеміз. Өлемдік практиканы зерделеп, талдай келіп, біз нақ осы эволюциялық жолды тандап алдық.

Парламенттің жұмыс тәжірибесіне парламенттік комитеттердің отырыстарында Үкімет мүшелерінің кандидатураларын талқылау енгізілді. Қолданыстағы Конституция аясында елімізде демократиялық үрдістерді дамыту жөнінде бірқатар шаралардың қабылдануы Мемлекеттік комиссия қызметінің нақты нәтижесі болды.

Қазақстанда 2006–2011 жылдарға арналған азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы әзірленіп, Президенттің Жарлығымен бекітілді.

Жан-жақты қоғамдық пікірталас пен негізгі саяси күштермен кеңестерді негізге ала отырып, Мемлекеттік комиссия енді жаңа кезеңде демократиялық дамытудың өзекті мәселелеріне жауаптарын ұсынды. Мынадай мәселелерге қатысты шешімдер әзірленді:

- атқарушы биліктің тиімділігі, ашықтығы мен есептілігі және сыбайлас жемқорлықпен күрес. Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту;